

**Резюме**

*В статье рассматриваются национальные особенности в произведениях Маашхур – Жусип Копеева.*

**Resume**

*In this article examinations the national uniqueness in compositions of Mashhur – Zhusip Kopeev.*

ӘӨЖ 882.151.212.2

## **ҚАЗАҚ ӨЛЕҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВ ПЕН СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ ДӘСТҮРІ**

**А. Үсенова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ.*

Ұлы Отан соғысы әкелген зұлматтар, майдан шебі мен тылдағы еңбек майдандары қоғамға және өнерге жаңа мазмұн әкелді. Бұл кезеңде көтерілген тақырыптарда ерлік пен өрлік, елдік пен адами сезімдер астасып жатыр. Поэзияда лепті, көтеріңкі әуен және лирикалық әуендер орын алды. Сондай-ақ ойлы, сезімді жырлардың құрылымдық негізі ырғақтық- интонациялық жағынан құнарлы еркін өлеңдерге көп жүгінді. Сондықтан соғыс кезеңі поэзиясының алдыңғы қатарында соғыс даласында болып, оның барлық азабы мен қасіретін көрген жауынгер ақындар: Ә.Сәрсенбаев, Қ.Аманжолов, Ж.Саин, Д. Әбілев, С. Мәуленов, А. Жұмағалиев, Қ. Бекхожиндер болды. Олар өлеңдеріне арнайы түр іздеген жоқ. Олардың өлеңдерінің сыртқы пішіні ішкі болмысымен бірге пайда болғандықтан бір - бірінен ажырағысыз, шымыр шықты, яғни түрінің өзі мазмұнға айналды. Өмірдің шындығы ұсынған мазмұн өзіне лайық пішінмен туатыны белгілі. Бұл кезеңде өлеңдер жазу үшін жазылмайтын, «жазбауға болмайтын жағдайда»] ішкі қажеттіліктен, шын шабыттан туындағандықтан, олардың поэзиясы сезімді, ойлы.

Қ.Аманжолов өлеңдерінде жаңа ырғақтық- интонациялық құрылымдар мол орын алды. Оның ең бастысы «Дарифа, сол қыз» өлеңіндегі он буынды өлшемнің 5+5 сұлу кестесінің пайда болуы. Бұл өрнек негізі 3+2+3+2 болғандықтан туатын мәнер толқынды. Өлең мазмұнындағы сағыныш, іңкәрлөк сезімдерін жеткізуге аса оңтайлы, өлеңнің ішкі сарайына дөп түскен өлшем болғандықтан тамырын тереңге жайып, өміршең мінез танытты. Бұл өлең майдандағы солдаттардың жан сырына айналды. Дарифа есімі солдат аңсаған қыздың типтік бейнесі деңгейіне көтерілуі мазмұн мен түр тұтасқан

сұлулығының, сезімділігінің, әуенділігінің нәтижесі екендігінде дау жоқ. Ақын М. Мақатаевтың соғыс тақырыбындағы кесек те кемел жырының «Дариға жүрек» аталуына ақын өлеңінің әсері болғаны анық. «Қасым Аманжолов қазақ поэзиясында бар өлең түрлерін түгел игерген ақын. Ол халық поэзиясының жеті буынды жыр үлгісінен бастап, он бес- он алты буынды болып келетін көп буынды өлең түрін, Абай өлеңдерінің үлгісін қолданып, көп өлең жазып, мол мұра қалдырған ақын.

Ал түрдегі жаңалық, өлең құрылысындағы шын жаңалық буын санын жаңартуда, соған орай ұйқасты сөз кестесін, ою- өрнекті жаңартуда. Бұл жағынан келгенде де поэзиямызға Қасым әкелген жаңалық жоқ емес. «Мартбек», «Дариға, сол қыз» өлеңдері арқылы қазақ өлең құрылысында Қасым Аманжолов өлеңінің он буынды жаңа түрін енгізген. Қазақ поэзиясында он буынды өлең тармақтары халық ауыз әдебиеті, кейбір жазба әдебиет нұсқаларында, Сәкен («Ленин»), Ілияс («Жастар заманның гүліміз») творчестволарында кездеседі. Бірақ, оларда бұл жеке тармақтар ретінде ғана кездеседі. Ал Қасымға дейін он буынды өлең түрі қазақ поэзиясында өз алдына дербес түр ретінде бекіп, орныққан жоқ-ты» [2,261]. деген Қасым шығармашылығын арнайы терең зерттеу объектісі еткен ақын, зерттеуші Т. Абдрахманова Қасымның өлең құрылымдағы жаңашылдығын айқын көрсетеді. Сәкен мен Ілияс Шәкәрім сияқты он буынды өлшемнің келісті өрнегін таба алмады. Сондықтан Шәкәрімнің 3+4+3, Сәкеннің 4+4+2, Ілиястың 2+5+3 өрнектері бунақтардың сабақтасу заңдылығына сай келмегендіктен, интонациялары мазмұнмен еркін үйлеспей, тежеліс тудырғандықтан, табиғаты оралымсыз болғандықтан поэзияда дәстүрлі өлшем ретінде беки алмады.

«Төлеутайға» деген өлеңінде жалпы қазақ өлеңінде аса сирек ұшырасатын жеті буынды өлшемнің 3+4 өрнегі көрінеді. Дәстүрлі қазақ өлеңінің қырылымдық негізі жеті буынды өлшемнің 4+3 өрнегі болатын. Аз буынды бунақ көп буынды бунақтан бұрын орнығып, өлеңнің ырғақтық жүйесін түзе алмайтын. Бұл өрнек мақал- мәтел, жаңылтпаш сияқты шағын жанрларда ғана көрінетін. Ал мына шумақтарда ырғақ ауырлығы білінбейді, интонацияда тежеліс тумады.

Төлеутай, //досым-құрбым,  
Япыр-ай, // тірі екенсің!  
Қалың өрт, // қанды қырғын  
Ішінде //жүр екенсің,  
Ұмытпай //жүр екенсің,  
Аз досым // бір екенсің [1,72].

Ақынның жеті буынды өлшемнің жаңа сабақтастығын өлеңнің құрылымдық жүйесіне енгізуін ақынның түршілдік жаңашылдығы ретінде танып, ақынның түршілдік шеберлігі өз деңгейінде бағалануы тиіс.

Сондай-ақ Қ.Аманжолов қазақ өлеңінің дәстүрлі өлшемдерін сабақтастыру арқылы өлең интонациясын түрлендірді. Дәстүрлі он бір буынды өлшемнің 4+4+3 және жеті буынды өлшемнің 4+3 өрнектерінің еркін, жұмыр қиысуынан толқынды, бірқалыпты, сұлу мәнер туады. Бұл екі өрнек сабақтастығы жыраулардың айнымалы ырғаққа құрылған толғауларынан белгілі. Әйтседе жыраулар поэзиясында бұл сабақтастық ырғақтық-интонациялық жүйе болып беки алмаған-ды. Ақынның аталған құрылымдық өрнектері қазіргі қазақ ақындарының өлеңдерінің ырғақтық-интонациялық негізі болып қаланып жүргені алдағы тараулардың әңгімесі.

...Ақын деген қызық жан ғой кей кезде

Жансыз затпен сырласар.

Жансызға жан берейікші дейміз де,

Көп болған соң жансыздар... [1,96]

«Өтеді күндер, өтеді жылдар» өлеңінде бұл сабақтастық он және жеті буынды өлшемдердің 5+5 және 4+3 өрнектерінің біртұтас ырғақтық бірлік түзуінен көрінеді.

Өтеді күндер, өтеді түндер,

Өтеді жазым зымырап.

Соғады дауыл, солады гүлдер,

Сарғаяды жапырақ [1,12].

Қасым поэзиясының осындай өлшемдер сабақтастығы да қазіргі қазақ поэзиясының құрылымдық жүйесіне берік орнықты. Оған дәлел Е.Раушанов, Г.Салықбай, Б.Қошым-Ноғай сияқты қазіргі қазақ поэзиясының өкілдерінің шығармаларының басым бөлігі 10-7 буынды өлшемдердің сабақтастығына негізделген.

Жалпы академик С.Қирабаев Соғыс кезеңіндегі әдебиет, соғыстан кейінгі әдебиет, жаңғыру кезіндегі қазақ әдебиеті (1956- 1967) деп дәуірлерге бөлген кезеңдерде қазақ өлеңі тақырыптық- идеялық, көркемдік- бейнелілік тұрғысынан ғана емес, ырғақтық- интонациялық, әуезділік- әуенділік сипаты тұрғысынан да ізденістер мол болды. «Бұрын саясатқа құрылған науқандық өлеңдердің үгіттік сыпатына көбірек көңіл бөлінсе, енді жалпы адамның рухани тіршілігіне, оның қуанышы мен қайғысына, сүйіспеншілік сезімдері мен табиғат сырластығын жырлауға мүмкіндік туды» [3,150]. Бұл кезеңде он бір буынды, он, тоғыз, сегіз, жеті буынды өлшемдерге құрылған өлеңдермен қатар еркін өлеңдер көп көрінді. Дәстүрлі өлшемдердің үлес салмағы тоғыз, он буынды жаңа өлшемдер мен айнымалы ырғаққа құрылған еркін өлеңдерге қарағанда басым болды.

Соғыстан кейінгі кезеңдерде ақындардың көпшілігі өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесін түрлендіруге баса назар аударды. Ақын ойы өзінің келісті мәнерін тапқанда ғана ерекше түрленіп көрінеді. Әр ақын өзінің айтар ойына дөп келетін түрді таппай қоймайды. Бұл бағыттағы ізденістің

нәтижесі ерікті өлеңдердің сан қилы үлгісінің пайда болғандығын айта отырып, Д. Әбілөвтің «Айтшы, теңіз, сырыңды», Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны», Ә.Тәжібаевтың «Құрдасқа», Қ.Бекхожиннің «Арарат ұлына», С. Мәуленовтың «Адам өлмейді», Т. Бердияровтың «Ауылдың жолы» деген өлеңдерінің ырғақтық- интонациялық жүйесін академик З.Ахметов терең талдап көрсеткен-ді. «Жоғарыда аталған, талданған шығармалар осы бағыттағы творчестволық ізденістердің бастамасы ғана, оларды ерікті өлең түрінің қазақ поэзиясында орнығу, өркендеу мүмкіндігі, келешегі бар екенін танытатын жеке нұсқалар деп қарау орынды» [4,213]. Сонымен бұл кезеңнің қазақ өлең құрылымына әкелген жаңашылдығы ерікті өлең түрлерінің үлгілерінің сапалық түрленуі.

Өлең интонациясын құнарландырып, өлшемдердің сабақтасу мүмкіндігінің молдығын дәлелдеген ақынның көрнектісі С.Мәуленов болды. «Әдеттегі өлең жырдың бунақтық- ырғақтық (силлабо-тоникалық) өлшемдерін Сырбай ақын саздың сан қырлы әуезімен құбылтады»[4,215]

Ұзақ жолда // жүргенде -7

Найзағай ойнап,-5

Туа қалса// басыңа күн,-7

Сен қорықпа,-5

Мен қасындамын.-5

Тұманды// түндерінде-7

Алға бас,// ілгеріле,-7

Сен қорықпа,-4

Мен қасындамын.-5 [5,60]

Тоғыз буынды тармақты шумақ екі түрлі ырғақтық, семантикалық, синтаксистік құрылымдарға жіктеледі. Алғашқы семантикалық-синтаксистік бір құрылымда жеті, сегіз буынды тармақтар 4+3 және 4+4 өрнегімен көрінсе, өзгесі бес буынды дербес құрылымдар. 7-5-8-4-5 буынды ырғақтық-интонациялық бірлік құрамындағы бес тармақты бес буынды бунақтар өлеңдік өлшемге жинаса, жеті, сегіз буынды өлшемдердің әртүрлі кестесі және тармақтарда ұйқасушы негіздердің болмауы проза стиліне тартып интонацияны түрлендірген. Екінші құрылымға енетін төрт тармақтың екеуі 3+4 өрнекті, соңғы екеуі төрт және бес буынды жеке тармақтар. Жеті буынды өлшемнің бірыңғай 3+4 болуы және олардың өзара ұйқасуы өлеңдегі интонацияның жинақы болуына әсер етеді.

Мен сені// желпіген// желмін,

Мен сені //көтерген// жермін,

Мен сені// шайқаған// көлмін.

Бірге өтеміз// өмірдің //асуларын

Сен қорықпа,

Мен мәңгі// қасындамын.

Шумақтағы үш сегіз буынды тармақтың өлшемі 3+3+2 және олар синтаксистік параллел қатарлар түзеді. Осы тармақтарда ақын өлеңі мазмұндық шарықтауға жетіп, лирикалық кейіпкер «Сен қорықпа» деген қолдау сөзден көшіп, өзінің нақты ролін айқындап береді. Соңғы үш тармақта 9-4-7 буынды ырғақтық сабақтастықтар арқылы өзінің ойын өзгеше кесімді қайталап, өлеңді тиянақтайды. Мазмұн динамикасына сай ырғақ динамикасы да өрістеп, түрленіп көрінеді. Ақынның «Биылғы жаз жаңбыр боп өтті» деген өлеңі де құрылымдық жағынан жаңа ырғаққа бай.

Биылғы жаз// жаңбыр боп өтті,-9

Ұсақ балапан// жаңбырлар-8

Мөлдір жаңбырлар//

Теректерге// жауды да кетті -9.

4+5 / 5+3/ 5/ 4+5/ өрнектердің сабақтастығына құрылған шумақтың ұйқас өрнегі де жаңа- абба. Тоғыз буынды өлшемнің бұл өрнегін ең алғаш Шәкәрім «Анадан алғаш туғанымда» өлеңінде сегіз буынды өлшемнің 3+2+3 өрнегімен сабақтастықта қолданған-ды. Шәкәрімнің өзінде де, өзге ақындардың шығармаларында да бұл кесте қайта көрінбеген-ді. Сегіз және бес буынды өрнектер бір-бірін нақтылап шумақтағы ой субъектісі болса, оның қимылы мен бағыт-бағдарын айқындайтын негіз тоғыз буынды өлшеммен берілген.

Сенің толқын// шашыңа,-7

Сол жаңбырлар// меруерттей// тізіліп қалды.-13

Есінде ме// тау басында -8

Көзіңнен //бір моншақ// үзіліп қалды.-11

Шықпайды// тіпті есімнен-7

Ол былай еді:-5

Көк төсінен//-4

Мөлдір моншақтар -5

Төгіліп// құлай берді,-7

Төгіліп //құлай берді.-7

Шумақтың ырғақ кестесінің күрделілігі сондай, бір-бірін дәл қайталайтын кесте жоқ. Осындай қайталанбайтын ырғақтар арқылы шумақ интонациясын түрлендірген. Шашыңа-басында, тізіліп қалды-үзіліп қалды, тіпті есімнен- көк төсінен деген шалыс ұйқас ретімен байланысқан ұйқасушы негіздер өлеңдік шегін айқындап тұр. Соңғы тармақтың екі рет қайталануы эмоционалдық бояуын арттыруы үшін пайдаланған.

Жалғыздығыңды// сол емендей-9

Есіңе алдың.// Жас күнің// ұшты заулап-11

Көзіңді// көлегейлей-7

Бір тамшы жас// ұшты аунап.-8

Еменнен көрдің// өз тағдырыңды,-10



Төктің моншақ// жаңбырыңды.-8

Жаз көркін// ашу үшін-7

Шалғынға бөлеп,-5

Жан өртін// басу үшін-7

Жаңбыр да керек.-5

Биылғы жаз //жаңбыр боп өтті. -9

Ақынның өлеңнің құрылымын түрлендіру шеберлігі осы бір өлеңінен-ақ танылады. Сан түрлі ырғақтық кестелер өзара еркін сабақтасып, бірін –бірі қайталайтын күрделі ырғақтық тұтас құрылымдар, яғни шумақтар жоқ. Биылғы жаздың жауған жаңбыры мен лирикалық кейіпкердің жан дүниесін жуған жас арасындағы үндестік өлеңнің композициялық құрылысын ғана емес архитектуралық сипатын да айқындайды. Жалғыздығы жанына батып, жаны өртенген жанның күйін ширақ түрленген интонация арқылы білдіру өлеңнің жан сарайын ашу үшін мақсатты түрде таңдап алынған тәсіл. Табиғаттың жаңбыры мен адамзаттың көзжасының мәнісін соңғы шумақта түйіндейді. Ақын байламы бойынша, жаңбыр жауса, табиғат түлейтініндей, адам да жан жарасын жасымен жуады.

Сен мені //жұбатасың,

Мен сені //жұбатамын,

Кетпеген// балалығы,

Кейпінді //ұнатамын

-Сен мені// ойладың ба?

Түсімде// көрдім.

Тобылдың// қойнауында,

Тобылғы// ішінде// көрдім

Бұл шумақтың ырғақ негізі 3+4 болса, арагідік ұшырасатын, 4+3 және 3+3+2 өрнектері интонацияны түрлендіреді. Қасым өлеңдерінде өзге ырғақтық құрылымдармен сабақтастықта көрінетін 3+4 өрнегі ақын Сырбай Мәуленов өлеңінде ырғақ жасаушы негізгі өлшем ретінде көрінеді. Үш буынды бунақтан соң төрт буынды бунақ орналасса да ырғақ ауырлығы білінбейді, керісінше жеңіл еркін ырғақ ағысы байқалады.

Түндерді көрдім,

Жанған күндей

Күндерді көрдім

Қараңғы түндей.

Не дейсін маған одан бөтен

Суды іштім удай

Содан ба екен?

Шашым ақ қудай. [5,62,]

Өлең бес буынды өлшемнің 3+2 және төрт буынды өлшемнің 2+2 өрнектерінің жүйелі сабақтастығына құрылған. Өлең өлшемдері қысқа аз бунақты болса да, өлең мәнері нық, ширақ емес. Қысқа құрылымдардан тұратын ырғақтық жүйенің мәнері көбінесе, келісімсіз, үзілмелі әсер қалдыратын. Ал бұл өлеңде бес және төрт буынды өлшемдердің жүйелі алмасуы, әрі олардың өзара шалыс ұйқас арқылы байланысуы, сондай-ақ екі өлшем түрінің бір ырғақтық-синтаксистік бірлік құруы оның интонациясының ширақ, толқынды, келісімді болуына орайласады. Сонымен «Сырбай Мәуленов те өзіндік мектебі бар, дәстүрі бай ақын қатарына кірді» [2,36].

Қазақ поэзиясының құрылымдық дамуының белесті кезеңі болып саналады. Ол кезең ақындарының есімі соңыс дәуірімен байланыстыру шартты. Себебі ол ақындардың көпшілігі соғыстан кейінде ұзақ шығармашылық жолын өткерді. Бірақ соғыс кезеңінде олардың аса жарқын жырлары өмірге келді. Соңыс кезеңінің әдебиеті аса сыршылдығымен белгілі. Себебі адамзаттың ізгі сезімдерінің барлығы ізгілік пен азаматтыққа қатер төндірген соғысқа қарсы тұрды. Әкесін күткен жас бала, жарын күткен жас ана, перзентін сарылы күткен ата-ана, артындағы елі мен жеріні, отбасының амандығы үшін басын өлімге тіккен ұландар жүрегінде сағыныш, қорқыныш, қимастық, махаббат сияқты сан алуан сезімдер арпалысы жүріп жатқан кезең қазақ поэзиясындағы лириканың тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік, ырғақтық-интонациялық жүйесінің жандануына өріс ашты. Бұл кезең қазақ өлеңінің құрылымдық жүйесіне Қасымның он буынды өлшемінің 5+5 өрнегінің, жеті буынды өлшемнің 3+4 өрнегінің, сондай-ақ 11-7, 10-7 буынды өлшемдерінің сабақтастығының құрылымдық айналымға енуі үлкен жаңалық болып, бұл өлшемдер одан кейінгі ақындардың өлеңдерінің негізгі құрылымдық өрнегі ретінде берік қаланып, жалпы қазақ поэзиясының ырғақтық-интонациялық жүйесінен өз орнын ала алды.

Сырбайдың қазақ өлең жүйесіндегі қысқа өлшемдерді шебер пайдаланғанымен ерекшеленеді. Абай, Шәкәрім, Сәкен өлеңдеріндегі қысқа тармақтар нық, шалт, үзілмелі интонацияға негіз болса, Сырбайдың қысқа өлшемдері ширақ, жеңіл, толқынды мәнерге ие болады. Ақынның қысқа өлшемдер туралы мына пікірі оның сол мәнерді табу жолында арнайы ізденгенін байқатады: «Қысқа өлең шеберлік таңдайды. Ол басы артық сөзді, құрғақ баяндауды көтермейді: онда әрбір сөз дәл бедерленіп, әрбір ой дәл ұшталып, ұшқырланып, оқушының жүрегін дірілдетіп, уысында ұстауға тиіс.» Бұл сөздер ақынның құрылымдық талғамының биік екендігінен де хабар береді. Оның «Ақ түн», «Түбірлер», «Түндерді көрдім», «Ұйқыдан соң» аты өлеңдері қысқа тармақтардың сазын келістіріп келтіре алғандығымен құнды.

Ақын «Түбірлер» өлеңінде оқырмандағы түбірлерді соғыс салған қасіреттің символындай бейнелейді. Күрсініс пен күңіреніске толы ауыр тақырыпты ақын Сәкен салған тоғыз буынды өрнектерді тасымалдың түрлі бунақтық позициясын жасай отырып, жеңіл де, ширақ мәнермен жырлайды.

Көрінеді  
 Орманнан  
 Түбірлер.  
 Айрылған  
 Аяқ- қолдардан  
 Түбірлер.  
 Мүгедек солдат секілді  
 Түбірлер.  
 Оқ жұлғандай етімді  
 Жүрегім тулап дүбірлер,  
 Кезеріп ернім күбірлер.  
 Соғыс не?!  
 Менен біліңдер,-  
 Деп тұрғандай түбірлер.

Ақын бұл өрнек тудыратын мәнер арқылы түбірлер қорқынышының сазын естірткендей. Өлең мәнері, ширақ болғанмен, толқынды емес, кілт тоқтағандай әсері бар. Қазақ поэзиясында соғыс салған жараларды шынайы, анық, бейнелі, өрі өзіндік үнімен жеткізудің сәтті үлгілерінің бірі осы өлең.

С. Мәуленов поэзиясы лиризмге толы, адамның ең ізгі сезімдерінің жасампаздығын танытатын шығармалар. «Сырбай тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі... Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің өзінің ізін, әдеби өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиісті.» [6,36] деген заңғар жазушы Ә. Кекілбаевтың ақын туралы тұжырымы оның талантының өлшемі іспетті. Сырбай лирикаларының ішкі тақырыптық тараулары мен көркемдік жүйелері көп ғалымдардың зерттеуіне арқау болып, өз деңгейінде талданған-ды. Ал оның түршілдік шеберлігі, өлеңінің ішкі сезімен сай өрнегінің өрілу ерекшелігі кең талдауды қажет етеді. Ол өз кезеңінің құрылымдық деңгейін көрсете алардай дәрежедегі шебер ақын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аманжолов Қасым. Дариға, сол қыз. Өлеңдер мен поэмалар.- Алматы. Раритет, 2005.
2. Әбдірахманова Т. Қасым Аманжоловтың поэтикасы- Алматы: Ғылым, 1976
3. Қирабаев С. Тәуелсіздік өрісі. Әдеби зерттеулер мен мақалалар. 1-том.-Алматы: Қазақпарат, 2008. -250б.
4. Ахметов Зәки. Поэзия шыңы – даналық. – Астана: Фолиант, 2002-408 б.
5. Мәуленов С. Өлеңім- өмірім менің. Жыр жинағы – Алматы: Санат, 1997 - 576 б.



6. Абдрахманов С. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды: Қазақ поэзиясының антологиясы. «Алтын қор» кітапханасы.- Алматы: Раритет, 2007 - 520б

### *Резюме*

*В статье рассматриваются ритмико-интонационные системы стихов К.Аманжолова и С.Мауленова. Также анализируются особенности их новаторства, широко используемые современными поэтами.*

### *Resume*

*In article are considered rhythmically - intonational systems of verses K. Amanzholov and S. Maulenov. Also, analyzed widely used by modern poets features of their innovation.*

УДК 811.111:81'255

## **СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ МОДЕЛИ АББРЕВИАТУР И СОКРАЩЕНИЙ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

**И.М. Ушаков**

*Павлодарский государственный педагогический институт*

В английских научных и профессиональных текстах значительное место занимают самые различные виды сокращений. Поскольку они функционируют самостоятельно, фиксируются в лексикографических источниках и нередко становятся более известными, чем их источники (radar радар, sonar сонар, laser лазер), их можно считать лексическими единицами научно-технического языка. В английском и языке сокращения, по звуковому и графическому оформлению, принято делить на аббревиатуры и акронимы.

Аббревиатуры (abbreviations) образуются от начальных букв знаменательных слов словосочетания: AA (antenna array) антенная решетка, RWM (read-write memory) оперативная память, kVA (kilovolt-ampere) киловольт-ампер. При их произнесении по названиям букв ударение падает на последнюю букву. Буквы сокращения могут быть написаны с точками, но в современном английском языке их обычно избегают [1].

Акронимы (acronyms) представляют собой сокращения, которые, в отличие от аббревиатур (читаемых, произносимых и воспринимаемых по